

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МӘТІН ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

*Нұрмышева Ш.А.¹ Акқожина Б.Қ.², Алдабергенова Г.Д.³

¹ф.ғ.к., қауымдаст. профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан e-mail: nurmesheva75@mail.ru

²ф.ғ.к., қауымдаст. профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан e-mail: bayan-kanatovna@mail.ru

³ф.ғ.к., доцент, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан, e-
mail: gulnara.dildahan@gmail.com

Аңдатпа. Мәтін - білім беруде кез келген тақырыптың маңызды тірегі. Алайда пәннің мақсатына, тақырыптың ниетіне қарай іріктеліп алынған мәтін білімгер қызығушылығын арттыратындай белсенді дискурса түспейінше негізгі қызметін толыққанды жүзеге асыра алмайды. Әсіресе қазақ тілін оқытуда, үйретуде мәтіннің негізгі міндеті білімдік ақпарат берумен қатар, білімгерлердің қазақша тілдік коммуникативтік құзіреттіліктерін арттырып, ойын нақты әрі толық жеткізуге үйрету, олардың жазу сауаттылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту болып саналады. Сондықтан сабақ контентін жасауда тақырып мазмұнын ашар лексикалық тірек сөздері айқын, ойдан ой тудыруға бейім, жетектеушілік қасиеті зор, дискурстық әлеуеті жоғары мәтін таңдау айтарлықтай ізденісті талап етеді.

Мәтінді әртүрлі тың әдіс-тәсіл, технология, стратегиялармен жандандыру – оның тіл үйретіп, қосымша білім берудегі мүмкіндігін күшейтіп, дискурстық динамикасын жоғарылатады. Мәтіннің дискурстық сипатын тілдік коммуникацияның тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым түрінде оңтайлы қолдану оқытушының шығармашылық шеберлігін көрсетеді.

Тіл үйрету барысында мәтінді тіл үйрету материалы ретінде пайдалану үшін оқытушы алдымен білімгердің тіл білу деңгейін ескеруі тиіс. Ендеше осы деңгейді ары қарай дамытып, коммуникативтік құзіреттіліктің жаңа сатысына жеткізу үшін тыңдалым, оқылым мәтіндерін қандай талаптарға сүйеніп іріктейміз, таңдаймыз? Қандай қасиеттерін басты назарға алуымыз керек? Ал дайын материалды қалай интеракцияға түсіреміз?

Бұл мақалада жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап беріліп, тіл үйретумен қатар қосымша ақпарат беруде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпалды мәтін таңдау ұстанымдары мен оның дискурстық құзыреттілігін арттыратын тиімділігі жоғары әдіс-тәсілдер сөз болады.

Тірек сөздер: лингвистика, экстралингвистика, мәтін, әдістер, құзыреттілік, жазу сауаттылығы, дискурс, коммуникация, тыңдалым, оқылым, жазылым, шығармашылық шеберлік, сабақ жоспары, мақсат-міндет

Кіріспе

Мәтін – білім берумен қатар қазақ тілін үйрету бағытындағы әрбір тақырыптың негізгі арқауы. Оқытуда мәтінді пайдаланудың басты мақсаты студенттердің қазақша тілдік құзыреттіліктерін арттырып, айтылым кезінде көкейіндегі пікірін нақты әрі сауатты жеткізуге дағдыландыру, қисынды ойлау мүмкіндігін дамыту, жазу сауаттылығын қалыптастыру. Сонымен қатар мәтінді әртүрлі әдіс-тәсіл, технология, стратегиялармен жандандыру – оның

тіл үйретіп, қосымша білім берудегі мүмкіндігін күшейтіп, дискурстық сипатын жоғарылатады. Ал дискурстың басты қызметінің бірі – жағдаятқа байланысты тілдік коммуникацияға түсе білу екені белгілі. Әсіресе тақырып мақсат-міндетінің нақтылығы, таңдалған мәтін бойынша сабақ жоспарының жүйелі құрылуы сабақ барысында оң нәтижелі дискурсқа қол жеткізетін бірден бір жол. Мәтіннің дискурстық сипатын тілдік коммуникацияда тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым түрінде оңтайлы қолдану оқытушының шығармашылық шеберлігін көрсетеді.

Ендеше орыс топтарында өткізілетін практикалық қазақ тілі сабағында мәтінді тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне назар аударсақ.

Негізгі ережелер

Мәтінді оқыту материалы ретінде пайдалану үшін өзімізді тіл үйренуші студенттің орнына қоя отырып біраз талаптардан өткізуге тура келеді. Мәтін таңдау барысында біз алдымен тіл үйренушінің «сөзден-мәтінге» бағыты бойынша тіл білу деңгейін ескереміз. Осыған орай әртүрлі дереккөздерден тақырыпқа сай тыңдалым, оқылым мәтінін іздеу, таңдап алу, оны аудиторияға бейімдеп реттеп беру оңай емес. Артық жерін қысқартып, кем жерін икемдеу – оқытушыдан айтарлықтай шығармашылық шеберлік қажет етеді.

Мәтінді іріктеу, материал жинақтау кезінде біз 2 факторды ескеруіміз қажет.

1. Экстралингвистикалық факторлар: - мотивациялық; әдістемелік; қолжетімділік; білімгерлердің танымдық даму әлеуеті; өзектілік ресурсы секілді талаптарды; *2. Лингвистикалық факторлар:* - мәтіннің прагматикалық әлеуеттілігі; грамматикалық сауаттылығы, мәтін құрылымы; мәтін түрлері секілді талаптарды қамтиды.

Осы екі фактордан мәтін таңдауда ескерілуі тиіс төмендегі 9 ұстаным шығады.

1. Мәтіннің білімгерлердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына сәйкестігі (мәтін мазмұнының күрделілік деңгейі білімгерлердің танымдық даму деңгейіне сәйкес болуы);

2. Ақпараттық өзектілігі (білімгерлерді қызықтыратын ақпарат бар);

3. Жағдаяттылығы («бұл жағдайда мен қандай шешім ұсынамын?» деген ой тудыра алуы);

4. Проблемалық (проблемалық түрткінің болуы және неге? деген сұрақты туындата алуы);

5. Әлеуметтік-мәденилігі (қоғам құбылыстарын дәл және шынайы сипаттау қызметі);

6. Тілдік коммуникацияда жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қолдануға икемділігі;

7. Тыңдаушылардың кәсіптік бағдары немесе мамандығына сәйкестігі (мәтін мазмұнының күрделілік деңгейі білімгердің танымдық деңгейіне сай болуы);

8. Танымдық әлеуеттілігі – оқушылардың оған әрі танымдық, тәрбиелік дамуына ықпал ету қабілеттілігі.

9. Мәтін көлемі. Қай деңгейге арналған болса да ұзақ немесе тым күрделі құрмалас сөйлемдерден құралған мәтіндер студенттерді жылдам жалықтырып жібереді. Сондықтан мәтін көлемі мен құрмалас сөйлемдер саны тіл үйрену деңгейіне қарай шақталып жасалуға тиісті. Сөйлемдегі сөздер мен сөз тіркестеріне мән беру керек.

Өтетін тақырыбымызға байланысты таңдалаған мәтіндердің барлығы қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру қызметін атқармауы да мүмкін. Бірақ сабақ мақсатына орай мұндай мәдениеттанымдық, тәрбиелік қызметін де жандандыруға болады.

Сонымен мәтін мақсатымызға орай елеп-екшеленді, сабақта пайдалануға әзір. Енді оны практикалық түрде қалай іске қосамыз? Мәтіннің тіл үйретімділік динамикасын қалай арттырамыз? Тіл үйретімдік дискурсты нәтижелі орнату үшін түрліше қандай әдіс-тәсілдер мен технологияларға жүгінеміз?

Бәріміз білетіндей, мәтінмен жұмыс істеу - мәтінді оқығанға дейінгі, мәтінмен жұмыс, мәтінді оқығаннан кейінгі секілді үш кезеңді қамтитыны белгілі. Осыған сәйкес тақырып тыңдалым мәтінінен басталса тыңдалымалды, тыңдалым кезіндегі және тыңдалымнан кейінгі тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады.

Мысал ретінде қазақ тілінің В2-1 ортадан жоғары деңгейдің «Сандық технологиялар - заманауи қажеттілік» тақырыбы бойынша сабақтың екінші жартысында ұсынылатын оқылым мәтінімен жұмыс істеп көрейік. Біз бір нәрсені басшылыққа алғанымыз жөн, сабақтың нәтижелі болуы үшін студент оқу үдерісіне белсенді түрде атсалысуы керек. Осы жағдайда ғана ғана олар мәтінді жеңіл қабылдап, мағынасын жақсы түсінеді, ақпараттарды, тілдік бірліктерді естеріне жақсы сақтайды. Мәтінде баяндалған оқиғаға қызығушылық танытса, жағдайды белсенді талдауға ұмтылса, эмоциясын шынайы әрі орынды білдірсе онда білімгердің ішкі уәжінің ояңғаны, оның ақпаратты қабылдауға, тілді үйренуге саналы түрде ынталанғаны деп есептейміз [1]. Сондықтан оқылымға кіріспес бұрын оқылымалды тапсырмаларымен жұмыс жасатамыз. Қай кезде де студенттің қызығушылығын арттырып, әрекетке тартатын оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін пайдалана білу аса маңызды. Бұл жерде тақырып бойынша меңгерілуі тиіс лексикалық минимумдар міндетті түрде қамтылады.

Сонымен оқылымалдының мәтін мазмұнын болжау әрекетіне негізделген алғашқы «Оқылымның дәйексөзі» тапсырмасы төмендегі орны ауысқан сөздерді ретімен қойып шығудан басталады. Тапсырма толық орындалғанда білімгер Бауыржан Момышұлы айтқан дәйексөзді оқитын болады: *алмайды./ парасатты/ адамның/ ойлайтын/ дамып жетілгенмен./ орнын /Техника қаниама/ ауыстыра. (Техника қаниа дамып жетілгенімен, ойлайтын парасатты адамның орнын баса алмайды)* Бұл тапсырма бойынша «Б.Момышұлы-кім? Ол неге бұлай деді? -деген секілді жетекші сұрақтар қоя отырып сөйлемдегі сөздерді дұрыс тіркестіріп, логикалық қисындастыру, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жетелейміз. Негізінде әр тақырып барысында әртүрлі цитаталар беріп отыру арқылы қазақтың танымал

тұлғаларының бейнесін шеттілді білімгерлер санасына орнықтырып, танымын кеңейтеміз. Дәл осы тапсырманы «Құрақ» әдісімен, яғни дәйексөздегі сөздерді үш тілде араластырып беру сөз жоқ, студенттің қызығушылығын оятады.

Келесі тапсырмада оқылым мәтіннің тірек сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасаймыз. Осы арқылы тіл үйренушілердің белсенді және пассивті сөздік қорын айтылым, жазылымда қолдану арқылы бекітеміз. Біздің жағдайымызда *зейін, қабілет, ақпаратты түсіну, сыни ойлау, шығармашылық ой, әсіре, әуестену, иек арту, құлтемір, мүшел жас* секілді сөздер мен сөз тіркестерінің мазмұнын оқытушы мен білімгер бірлесе отырып ашамыз. «Мүшел жас» ұғымы арқылы ұлттық дүниетанымнан хабардар етіп өтеміз. Ал «Сандық ішіндегі сандық» технологиясы арқылы тірек сөздерді қазақша, орысша, ағылшын тілінде кестеге салып өзара сәйкестендіруге немесе антонимдері мен синонимдерін табуға, грамматикалық минимум тапсырмаларын да орындатуға да, қателермен жұмыс істетіп, себептерін түсіндіруге де болады. Бұл алдағы уақытта білімгердің тірек сөздерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеңіл интерпретациялауына оң ықпалын тигізеді, оқылым мәтінінің мазмұнына болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл технологияның тиімділігі өте жоғары, бір мезгілде білімгер асқан қызығушылықпен бірнеше тапсырма орындап әрі сыни ойлау дағдысын қалыптастырып, тақырыптың интеграциялы түрде меңгерілуіне жол ашады. Бұл технологияны жаңашылдық десек те болады.

3-тапсырма ретінде үш қатарға тізілген, нөмірленген, бір-бірімен қисындық байланысы бар 9 суреттен құралатын «Кроссенс» әдісі бойынша топтық жұмыс беруге болады. Ортада тұрған негізгі сурет бүкіл мағынаны қорытындылап, ойды аяқтайды. Осылайша біртұтас әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді. Топ санына қарай суреттердің бірнеше нұсқасын жасап ұсынуға болады. Кроссенс әдісімен әр топ біріншіден, төмендегі суреттерге қарап белгіленген уақыт ішінде 8-9 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырады. Екіншіден, құрастырылған әңгімелеріне тақырып қояды. Үшіншіден, топтың әр мүшесі өздері құрастырған шығын мәтіннен 1-2 сөйлемнен айтып береді. Ең бастысы, студенттер өздері құрастырған шағын әңгімеге тақырыптың тірек сөздерін пайдалануы керек.

4- тапсырма. Салыстыру әдісі. Әр студент 1-2-3 тапсырма нәтижелерін салыстыра отырып оқылым мәтіні мазмұнына бір-екі сөзбен болжам жасайды. Бұл әдіс студенттің ойын шапшаң жинақтау, салыстыру, қорыта білу, жазылым, нақтылап айту дағдыларын қалыптастырады. Осылайша бірде-бір студент сабақтан тысқары қалмайды.

Басты ескеретін жайт, берілген әр тапсырма тақырыптың тірек сөздерін үнемі қайталатып отыруы керек.

Оқылым. Студенттерге ұсынылған тақырыпсыз мәтін «Түсініп оқу» стратегиясы бойынша жүзеге асады. Яғни берілген ақпаратты аңғаруға, мағынасын ашуға, автор идеясын, мақсатын түсініп оқуға талпындырады. (Негізінде В2-1 деңгейі бойынша оқылым кезіндегі ең тиімдісі түсініп оқу, зерттеп оқу, рөлге бөлініп оқу стратегиясы деп санаймыз. Мысалы зерттеп оқу нәтижесінде білімгер мәтіндегі жасырын ойды, басты мәселені, автор

ұстанымын анықтайды. Түсініп оқу стратегиясында мазмұнмен бірге автордың мақсатын түсіну үшін негізгі ақпараттарды анықтайды. Рөлге бөліп оқу стратегиясы мәнерлеп оқумен қатар әр кейіпкердің мақсатын түсіндіреді, жинақтау арқылы негізгі ой, мазмұнды көрсетеді) [2]. Мысал ретінде төмендегі оқылым мәтінімен жұмыс жасап көрейік.

Бүгінде смартфондарға тым құмар Zet, Alfa ұрпақтары тез жалыққыш, ақпаратқа 30 секундтан артық зейін аударып отыра алмайтын жағдайға жеткен. Зейінсіздік - тақырыптағы ақпаратты толық қабылдамай, есте сақтау, талдау, сыни ойлау, өз пікірін қалыптастыру секілді маңызды дағдыларын әлсіретеді. Осындайда дәстүрлі білім берудегі кітап оқу, жазу талаптарының оқушыларға ақпаратты жадыда сақтауға жақсы көмектесетін мойндауымыз керек

Қазір медиатеchnологиялы аралас білім беру үрдісі жолға қойылды. Бірақ оқушылармен жанды байланысқа түсетін ұстаздарды жаңа технологиялар ауыстыра ала ма? Табиғи коммуникациясыз құлтемір секілді болып кетпейміз бе?

Болашақ үшін сыни ойлау, жанды шығармашылық ізденіс бірінші орында болу керек. Сондықтан жаңа технологияларға тым иек арту осы тұрғыдан зиянды. Сөз етіп отырған гажайып гаджеттерді, бағдарламаларды ойлап тапқан өнертапқыштардың өздері де машиналды түрде кодтай алатындықтан емес, шығармашылық түрде ойлана алатындықтан ұлы табыстарға қол жеткізді емес пе?

Бірақ ұстаздар сандық технология талаптарына бейімделеді, ізденеді. Осылайша оқушылардың жаңа технологияларды орнымен қолданып, үздік нәтиже шығаруына әсер ете алады» [3].

Ұсынылып отырған мәтін жоғарыда атап көрсеткен факторлар мен ұстанымдарға сай. Енді мәтіннің дискурстық қабілетін жандандырайық.

Оқылымнан кейінгі тапсырма бойынша студенттерге айтылым тапсырмасы ашық сұрақтар қойылудан басталады. Байқағанымыздай тілді оқытуда жабық сұрақтарде гөрі ашық сұрақтар әлдеқайда тиімді. Себабі ашық сұрақтар мәселе сұрақтар құрастыруға түрткі болады.

Келесі айтылым тапсырмасы - мәтінге тақырып ұсыну және оны дәлелдеу. Тақырып ретінде студенттерге бірнеше мақал ұсынуға болады. Айтылым бойынша берілген тапсырмалардың бұл түрлері студентке ойын жүйелеуге, оқыған мәтін мазмұнын жедел анализдеуге, сыни ойлауына, ойын қисындастыруға, дәлелдеуге, тілдік қорын байтуға ықпал етеді.

Жазылым тапсырмалары студентке меңгерген күзиреттіліктері мен дағдыларын шегелей түсуге мүмкіндік беретінін білеміз. Мәтіннен тірек сөздерді тауып жазу, түсініксіз сөздердің мағынасын оқытушының немесе сөздіктің көмегі арқылы түсіну оларды есте сақтап қалуға көмектеседі. Осы тапсырма нәтижесін рефлексия кезінде пайдалануға болады. Сөйлемдерді ретімен қойып шығу тапсырмасын орындау үшін мәтінді бірнеше мәрте оқып шығу әрекеті білімгерге мәтін мазмұнын, ондағы ақпараттарды логикалық байланысы бойынша есте сақтауына әрі синонимдерді табуға көмектеседі.

Тапсырма:

А. Бұл бас қатырарлық жағдай. (1?)

Ә. Қазіргі оқушылар созылған мәтін оқуға сабыры жетпейді. (2?)

Б. Гаджеттер оқушылардың зейінін бұзады. (3?)

В. Zet ұрпағы оқылымға емес, бейнекөріністерге басымдық беріпті. (4?)

Г. Білім беру саласына сандық технологияның кіруі енді тоқтамайды. (5?)

Ғ. Келешек үшін сыни ойлау, шығармашылық ізденіс алғашқы орында тұрады (6?)

«Дайын жауаптарға сұрақ қой» жазылымның келесі тапсырмасы ретінде ұсынылады. Әдетте берілген сұрақтарға жауап табуға болады. Ал дайын жауаптар студенттерді мәтін мазмұнын қайта анализдеп, сұраулы сөйлем құрылымын жаңаша трансформациялап шығуға мүмкіндік береді. Мысалы:

Сұрақ:?

Жауап: - Өкінішке орай, сенуге мәжбүрмін. Бұл жағдай расында зейіннің төмендеуіне әкеледі.

Міне, осылай жалғастырып кете беруге болады.

Сабақ барысында айтылым-жазылым тапсырмаларының аралас қолданылғаны аудиторияның жалықпауына оң ықпал етеді. Кезекті айтылым тапсырмасы ретінде жағдаят ұсынамыз. Жағдаят әдетте күрделі мәселеге байланысты туындайтын, сыни ойлау мен шешім табуға бағытталған технология түрі. Мысал жағдаят: ХХІ ғасыр ұрпақтары жаңа технологияларға иек артып, табиғи ойланудан қалып барады. Кез келген сұрақтың жауабын ізденіп бас қатырмай-ақ ғаламтордан қарай саламыз. Кітап оқудан, қатесіз жазудан қалып барамыз. Бізге бәрі жылдам болуы керек. Жағдаяттың проблемалық сұрақтары: Осылай жасағанмыз дұрыс па? Бұл үдерістің соңы қалай болуы мүмкін? Сыни ойлау мен адами шығармашылықтан мақұрым қалмаймыз ба? Жағдаят нәтижесі: Студенттің шешім табуға, еркін пікір білдіруіне, тілдік құзыреттілігін дамытуына ықпал ету.

Студенттердің пікір білдіру, ой қорту, анализдеу, өз пікірін қоғай білу, түйіндеу, нақтылау т.б. секілді дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолдануға өте тиімді «Төрт сөйлем» әдісі арқылы студенттерге тыңдалым-оқылым мәтіндерінің негізгі идеяларына байланысты өз ойларын мысал келтіре отырып дәлелдеу, түйінді пікір айту, талдау дағдысын қалыптастырамыз. Ол үшін сіз ұсынған тапсырма аудиторияны ойлантатындай болуы керек. Мысалы:

1. Жаңа технологиялар оқушының зейінін әлсіретеді.

2. Ұстаздардың орнын цифрлы технологиялар баса алады.

3. Цифрлық технология білім жүйесін өзгертуді талап етеді.

4. Zet ұрпағы кітап оқымайтын ұрпақ.

Мәтіндегі ақпаратты интерпретациялап, сыни көзқарас білдіріп, ақпаратты талдауда, мәселінің шешімін ізденуде, түйіндеуде «Фишбоун» әдісі де аса тиімді.

Осылайша оқылымға қатысты неше түрлі айтылым-жазылым, диалог секілді тапсырмалар легін алмастыра отырып молынан пайдалануға болады. Дей тұрғанмен студенттер жалығып кетпеу үшін мәтінге, жалпы тақырыпқа

қатысты мақал-мәтелдер, дәйексөздер жасырылған ребус шешуді тапсырма ретінде беру де оңды шешім (мысалы «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан»). Берілген тапсырма сабақтың алғашқы жартысын еске түсіруге де ықпал етеді.

Сабақ қорытындылау кезеңінде жұптық жұмыс арқылы тыңдалым және оқылым мәтіндерін салыстыра отырып «Цифрлы технологиялардың тиімділігі мен зияны» тақырыбында 1 минуттық жұптық диалог жасатып, уатсап желісі арқылы ортақ чатқа салуға және оған комментарий жаздыруға болады. Осы арқылы білімгердің топ алдында қысылмай пікір білдіруде тілдік күзінеттілігін, тақырып бойынша меңгерген лексикалық бірліктерді қаншалықты меңгергенін бағалап, грамматикалық қателердің алдын аламыз.

Сонымен бірге ойын технологиясы немесе флипчарт арқылы да рефлексия кезеңін топтық жұмыс ретінде жүзеге асыруды ұсынамыз. Ол үшін студенттер 2 топқа бөлінеді. Тақтаға тақырыптың тірек сөздері жазылып қойылады. Әр топ флипчартқа өздері қалаған цифрлық технологиялық құрылғылардың суретін салып шығады. 1-топтың әр студенті тірек сөздерге сүйеніп, өз суреттеріндегі заттың бір-бір пайдалы жағын баяндаса, керісінше 2-топтың әр студенті зияны жөнінде 1-2 сөйлемнен мәлімет береді. Бұл әдіс арқылы топ студенттері бірін-бірі бағалап, пікір білдіреді, дәлелдейді. Бағалау критерийін жасауға оқытушы алдын ала көмектеседі.

Рефлексия кезеңін «Сөйлемді жалғастыр» ойынымен шегендейміз. Оқытушы тақырыпқа қатысты бір сөйлемді бастап оқиды да допты білімгерлердің біріне лақтырады. Допты алған студент сөйлемді ары қарай толықтырып, келесі қатысушыға лақтырып, жауаптар тізбегін жалғастырады.

Білімгерлердің белсенділігін арттыратын мәтінімен жұмыс түрлері өте көп. Бәрін бір тақырыпта қолдану міндетті емес. Тек сабақтың мақсат-міндетіне қарай ең ыңғалысын бір-бірімен үйлестіре жүзеге асырып отыру керек. Сонымен қатар әр тақырыптың негізгі тілдік бірліктерін сабақтың өн бойында үнемі қайталатып, қолданыстан үзбей отырса, шеттілді топтарда қазақ тілін үйрету, меңгерту нәтижелі болатыны анық.

Бір ескеретін және қадағалануы тиіс жағдай – студенттерге әр тапсырманы орындауға шектеулі уақыт (таймменджмент) берілуі тиіс. Бұл студентке уақытты тиімді пайдалану, жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастырса, оқытушыға мақсат-міндеттеріне жүйелі түрде жетуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Зерттеу жұмысы қазақ тілі В2 жеткілікті деңгейіндегі «Цифрлы технология» тақырыбының сабақ әзірлемесіне сәйкес орыс тілді аудиторияда практикалық түрде жүргізілді. Зерттеудің мақсаты - талапқа сай таңдалған мәтіндердің тың әдіс-тәсілдер арқылы дискурстық күзінеттілігін күшейтіп, тіл үйренуде білімгерлердің белсенділігін арттыру. Зерттеу барысында мәтін таңдау ұстанымдарының, қолданылған методикалық тың әдіс-тәсілдердің тіл үйретушілік тиімділігі орыс тілді аудиторияда қазақша коммуникативті

құзіреттілік қалыптастырушы дискурстық тапсырмалармен дәлелденді. Зерттеу жұмысы 3 кезеңнен тұрады.

I-кезең. Тақырыптың сабақ контентін жасауда негізгі рөл атқаратын тыңдалым-оқылым мәтініне қойылатын талаптарды анықтадық. Яғни тіл үйрету, қосымша ақпарат беруде мәтіннің дискурстық құзіреттілігін арттырушы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың рөлін нақтыладық.

II-кезең. Оқылыммен жұмыс кезеңдерінің динамикалық тиімділігін арттыру үшін оқылымалды, оқылым кезі, оқылымнан кейінгі тапсырмаларды түрліше оңтайлы әдіс-тәсілдер мен технологиялар арқылы орындату амалдарын қарастырдық. Мысалы тірек сөздермен жұмыс, дәйексөз бен суреттер арқылы оқылым мазмұнына болжам жасату, сөйлемдерді дұрыс орналастыру, жауапқа сұрақ, төрт сөйлеммен тұжырымдау т.б. секілді әдіс-тәсілдер білімгердің қызығушылығын арттырып, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастырады.

III-кезең. Рефлексия кезеңінде ойын технологиясы немесе флипчарт секілді жеке, жұптық, топтық жұмыс стратегиялары арқылы сабақтың өн бойында қолданылатын тыңдалым және оқылым мәтіндеріне ортақ диалог жасатуға болады. Осы арқылы тірек сөздерді бекітеміз, студенттердің бүкіл тақырып бойынша берілген лексикалық бірліктерді қаншалықты меңгергенін бағалай аламыз.

Нәтижелер

Білімгерлердің интербелсенділігін күшейтіп, сабақ дискурстілігін арттыруда, мәтіннің тіл үйретімділік, мәдениеттанымдық динамикасын жоғарылатуда біз мынадай талаптарды ұсындық:

- мәтіннің білімгерлердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына сәйкестігі;
- ақпараттық өзектілігі мен уақытқа сай болуы;
- жағдаяттылығы;
- проблемалығы;
- әлеуметтік-мәденилігі;
- тілдік коммуникацияда жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қолдануға икемділігі;
- тыңдаушылардың кәсіптік бағдары немесе мамандығына сәйкестігі;
- танымдық әлеуеттілігі;
- мәтін көлемі;
- мәтін құрамындағы сөйлемдердегі күрделілік шамасының тілді білу деңгейіне сай болуы.

Сонымен қатар сапалы таңдалған мәтінді оқыту әдістерімен шебер үйлестіре білу арқылы білімгерлердің интербелсенділігін арттыру мүмкіндігіне қол жеткіздік. Тілдік-коммуникативтік құзіреттілікті жетілдіруде «Құрақ», «Сандық ішіндегі сандық» секілді креативті әдіс, технология ұсындық.

Талқылау

Баяндалып отырған тақырыптағы бүкіл әдістер мен технологиялар орыс тілді аудиторияда толығымен жүзеге асырылып, практикалық аппробациядан өтті. Оқылым мәтініне қойылатын талаптардың теориялық негіздерін практика жүзінде дәлелдедік. Яғни тіл үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдерден бөлек мәтін таңдауда оның экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларын ескеру қажеттілігін, сол арқылы мәтіннің дискурстық қасиетінің күшейетіндігін анықтатадық. Біржақатты түрде іріктелген, жоғарыда көрсетілген талаптарға сай өңделген мәтін ғана тапсырмадан тапсырма туғызуға, жаңа ой өрбітуге, білімгер қызығушылығын оятарлықтай әдістер қолдануға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқылым мәтінмен жұмыс кезеңдерінің тиімділігін арттыру үшін оқылымалды, оқылым кезі, оқылымнан кейінгі тапсырмаларды түрліше оңтайлы әдіс-тәсілдер мен стратегия арқылы орындату амалдарын қарастырдық. Сабақ тақырыбы мен оқытушы мақсатына қарай «статикалық қалыптан динамикалық қалыпқа бағытталған кезде ғана мәтіннің дискурстық күзіреттілігі жоғарылап» [4] студенттің интербелсенділігін арттыра алады. Маңызды жағдайдың бірі - сабақ мақсаты айқын болуы тиіс.

Қорытынды

Тіл үйретуде таңдалып алынған мәтіннің статикалық болмысын нәтижелі дискурстық өнімділікке айналдыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелелік пен айқын мақсат-міндеттерге негіздеген жөн. Оқымайтын, білуге, үйренуге талпынбайтын оқушы, студент болмайды. Олар оқылым мәтінінде баяндалғандай бүгінгі жастар - Alfa, Zet ұрпақтарының қызығушылығы да, талабы да өте жоғары. Сондықтан оқытушыға пәннің, сабақтың мақсат-міндетіне орай студент ынтасын оятатын оқу материалын, қазақ тілін өз бетімен меңгеруге жетелеп отыратын мәтін ұсыну, өзара белсенді жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлеу үшін жан-жақты ізденіс қажет. Тапсырмалар өзара тығыз байланысты берілсе тіл үйренуде жан-жақты тиімділігін танытады. Қателермен жұмыс жасауды да ұмытпаған лазым. Мақсат та міндет те білімгердің мемлекеттік тілді меңгеру күзіреттілігін арттырып, өзара белсенділікке, диалогтілік деңгейіне жеткізу. Әсіресе өзге тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету мақсатында алынған мәтін де, әдістер де білімгердің қазақ тілінде дискурсқа түсуіне мықты жетекшілік қызмет атқара білуі керек. Мұқият таңдалған мәтінге креативті әдістер ойлап тауып, дискурстық тетіктер ретінде қолдана алсақ тіл үйретуге қосылған тың үлес болар еді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал. -Нұр-Сұлтан, 2019. - 133 б.

[2] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі /Оқу құралы/ - Алматы, 2000. - 108 б.

[3] Қуанышбек А. ВВС басылымы: Цифрлық технология білім жүйесін өзгертуді талап ете ме? // Ағылшын тілінен аударылған 24.02.19; <https://baq.kz/news/othernews/digital/> (қаралған уақыты 1.12.22).

[4] Жайтапова А.А., Картабаева А.А. Шетел тілін оқытудағы кәсіби бағытталған дискурсивті құзыреттілік (туризм мамандығы бойынша) Оқу-әдістемелік құрал/ «Полилингва» баспасы, 2021. - 248 б

REFERENCES

[1] Simbaeva S. Belsendi oqw men oqıtwda qoldanılatın әдістер: әдістемелік құрал (Methods used in active learning and teaching: methodological tool). – Nur-Sultan, 2019. - 133 b. [in Kaz]

[2] Orazbaeva F.Ş. Tildik qatınas: teorıyası jäne әдіstemesi /Oqw quralı/ (Linguistic communication: theory and methodolog). - Almatı, 2000. -108 b. [in Kaz]

[3] Qwanışbek A. BBS basılımı: Cıfrlıq texnologıya bilim jüyesin özgertwdi talap ete me? (Will digital technology change the education system?) //Ağılşın tilinen awdarılğan 24.02.19; <https://baq.kz/news/othernews/digital/> (qaralğan waqıtı 1.12.22). [in Kaz]

[4] Jaytapova A.A., Kartabaeva A.A. Şetel tilin oqıtwdağı kәsibі bağıttalğan dıskwrsıvtı quzırettilik (twrızm mamandığı boyınşa) (Professionally oriented discursive competence in teaching a foreign language (in the speciality of tourism). Oqw-әдіstемелік құрал/ - Almatı, 2021. -248 b. [in Kaz]

МЕТОДЫ ПОДБОРА ТЕКСТА И ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

*Нурмышева Ш.А.¹, Аккожина Б.Қ.², Алдабергенова Г.Д.³

¹к.ф.н., ассоц. профессор, КазУМО МЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан e-mail: nurmesheva75@mail.ru

²к.ф.н., ассоц. профессор, КазУМО МЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан e-mail: bayan-kanatovna@mail.ru

³к.ф.н., доцент КазНАИ имени Т. Жургенова, Алматы, Казахстан e-mail: gulnara.dildahan@gmail.com

Аннотация. Текст является важной опорой любой темы в образовании. Однако в зависимости от цели и интенции субъекта, текст не может в полной мере реализовать свою основную функцию не вступая в дискурс. Особенно в преподавании и изучении казахского языка основной задачей текста, помимо передачи знаний, является повышение коммуникативных навыков обучающихся, научить их четко и полно излагать свои мысли, грамотно сформировать письменной форме, а также развивать их мыслительные способности на казахском языке. Поэтому выбор текста с высокой дискурсивной компетентностью требует тщательного поиска.

В то время «оживление» текста различными методами, технологиями и стратегиями укрепит его способность обучать языку и повысит его дискурсивность. Оптимальное использование дискурсивного особенности текста в форме аудирования, чтения, письма и говорении показывает творческое мастерство педагога.

Для того чтобы использовать текст в качестве учебного материала при обучении языку, преподаватель должен в первую очередь учитывать уровень студента в знании языка. Итак, для дальнейшего развития этого уровня и вывода студента на новый этап коммуникативной компетенции, каковы требования к выбору текстов для прослушивания и чтения? И как сделать выбранный текст интерактивным?

В данной статье рассматриваются ответы на эти вопросы, то есть, принципы отбора текста, а так же различные эффективные методы повышающие дискурсивную компетентность текста.

Ключевые слова: лингвистика, экстралингвистика, текст, методы, компетентность, письменная грамотность, дискурс, коммуникация, аудирование, чтение, письмо, творческое мастерство, план урока, цель и задача

METHODS OF TEXT SELECTION AND EFFECTIVE USE IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

*Nurmysheva Sh.A.¹ Akkozina B.K.², Aldabergenova G.D.¹

¹c.phil.s., assoc. Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan, e-mail nurmysheva75@mail.ru

²c.phil.s., assoc. Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bayan-kanatovna@mail.ru

³c. phil.s., associate professor of KazNAI named after. T. Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnara.dildahan@gmail.com

Abstract. The text is an important support for any topic in education. However, depending on the purpose and intention of the subject, the text, selected from various sources of information, can either fully realize its main function or enter the discourse. Especially in the teaching and learning of the Kazakh language, the main task of the text, in addition to the transfer of knowledge, is to improve the communicative skills of students, to teach them to clearly and fully express their thoughts, to form competently in written form, and also to develop their thinking abilities in the Kazakh language. Therefore, choosing a text with high discursive competence requires a careful search.

At the same time, the "revival" of the text with various methods, technologies and strategies will strengthen its ability to teach the language and increase its discursiveness. The optimal use of discursive features of the text in the form of listening, reading, writing and speaking shows the creative mastery of the teacher.

In order to use the text as a teaching material when teaching the language, the teacher must first of all take into account the language level of the student "from simple to complex". So, to further develop this level and bring the student to a new stage of communicative competence, what are the requirements for choosing texts for listening and reading? And how to make the selected text interactive?

In this article, the answers to these questions are discussed, that is, the criteria for selecting the text, as well as various effective methods that increase the discursive competence of the text.

Keywords: linguistics, extralinguistics, text, methods, competence, written literacy, discourse, communication, listening, reading, writing, creative skills, lesson plan, goals and tasks

Статья поступила 27.12.2022